

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ОРЫНБАСАРЫ Е.А. БІРТАНОВТЫҢ ТЕЗИСТЕРІ

### Құрметті журналистер!

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың және Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың тапсырмасымен жүргізілген банктер активтерінің сапасын бағалау Қазақстан банк секторының жағдайы туралы **шынайы ақпарат** алуға, Қазақстандағы **банктердің сенімді екенін көрсету арқылы инвесторлар мен салымшылар тарапынан сенімді арттыруға** бағытталды.

Бұрын болмаған осы іс-шараның басты мақсаты – реттеу режимін жақсарту және бүкіл банк жүйесінің ашықтығын қамтамасыз ету.

Бағалау аясына бизнес-процестердің тиімділігі және жұмыс істемейтін кредиттердің нақты үлесі бойынша сұрақтар кірді.

AQR нәтижелері Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігіне Ұлттық Банкпен бірлесіп банк секторын дамыту тәсілдерін және қадағалау құралдарын қайта қарауға мүмкіндік береді. Банктер үшін бұл бағалаудың нәтижелері ресурстарды тиімді бөлуге жағдай жасайды. Ал салымшылар үшін бұл банк жүйесіне сенімді растау болып табылады.

Қаржылық орнықтылықты арттыру бағдарламасына қатысушы банктер үшін әзірленген шаралар банк акционерлерінің ортақ қатысуы, ал мемлекеттік қолдау қайтарымдылық және ақылы болу негізінде іске асырылатынын айта кету керек.

Мемлекет басшысының Үкіметтің 2020 жылғы 24 қаңтардағы отырысында берілген тапсырмасын орындау үшін банктерді нарықтық жағдайларда және бюджет қаражатын пайдаланбай қолдау шаралары акционерлердің қаражаты есебінен іске асырылатынын міндетті түрде атап өту қажет.

Сонымен бірге 2020 жылы тәуекелдерді толық өтеуге дейін қатысушы банктерге Қаржы министрлігінің Проблемалық кредиттер қорының кепілдігі алғаш рет беріледі. Ол акционерлерге қалған тәуекелдерді **дербес** өтеуге мүмкіндік береді.

Бұл ретте, аталған банктерге қатысты қатаң шектеулер қабылданады. Бұл олардың өз міндеттемелерін орындауын ынталандырады.

**Банктер активтерінің сапасын бағалауды қорытындылай келе, бағдарлама сәтті өткізілді деп есептейміз. Оның нәтижелерін оң деп бағалаймыз.**

Біз банк секторының жағдайы туралы жан-жақты ақпарат алдық. Ол **банк жүйесінің тұрақтылығын растауға, бірқатар тәуекел мен түзетуді анықтауға және оларды тиімді жоюға дереу кірісуге** мүмкіндік берді. Біз жеке банктердің, сол сияқты бүкіл жүйе деңгейінде процестер мен рәсімдерді одан әрі жетілдіру жұмысын жүргіземіз.

Барлық қатысушыларға сапалы жұмысы, кәсіби қызметі және ашық әңгімеге дайындығы үшін алғыс айтамын.

Назарларыңызға рақмет!